- Бұл құрылғы 8 жасқа толмаған балаларға, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғаларға, сонымен қатар осы құрылғыны пайдалануда тәжірибесі жеткіліксіз тұлғаларға пайдалануға арналмаған, егер олар қауіпсіз пайдалану нұсқаулығын алмаса және қауіпті түсінбеген болса. Балалардың тоңазытқышпен ойнауына мүмкіндік бермеңіз. Тоңазытқышқа күтім жасау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жүргізбеуі тиіс.
- Бұл құрал тұрмыстық және басқа ұқсас жағдайларда пайдалану үшін арналға, мысалы, ас үйде қызметкер үшін, дүкендерде, кеңселерде және басқа да жұмыс ғимараттарында, фермаларда тұрғын үйде, отельдерде, мотельдерде және басқа да тұрғын үйлерде, шағын қонақ үйлерде (“жатақ пен таңғы ас” түріндегі) және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында.
- Аспаптың корпусындағы желдеткіш тесіктер ашық болуы тиіс. Оларды бұғаттамаңыз.
- Жібітуді жылдамдату үшін өндіруші ұсынғаннан басқа, механикалық құрылғылар мен басқа да жабдықтарды пайдаланбаңыз.
- Салқындату контурын зақымдап алмаңыз.
- Электр аспаптарын өндіруші ұсынғаннан басқа, тоңазытқыш ойықтарының ішіне салмаңыз.
- Жарылыс қаупі бар заттарды, мысалы, аэрозольдарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Егер сіздің тоңазытқыш балалардың ашуынан қорғауға арналған құлыппен жабдықталған болса, кілт қол жетпейтін жерде сақталуы тиіс.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе қосымша бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдауды құрғақ ғимаратты жүргізу керек. Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.с.с. әсерінен қорғаңыз. Өнімді онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыттық қаптамада тасымалдау және сақтау қажет.
- Құрылғыны өткізу РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Төмен температуралы бөлімжәшіктің салқындатқыш агенті (R600a) және циклопентан жанғыш материалдар болып табылады. Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен тастамаңыз. Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сай іске асырылуы тиіс. Бұйымдарды кәдеге жарату қалдықтарды бақылаусыз лақтыру нәтижесінде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Тегін және сіздің тұрғылықты жеріңізді іске асырылатын қызмет мерзімі біткен электрлік және электрондық құралды жинау және кәдеге жарату бойынша біршама толығырақ ақпарат алу үшін сіздің муниципалдық билік органының сәйкес басқармасына жүгініңіз.

Сыртқы түрі



***Назар аударыңыз:** Бұл сурет тек анықтама үшін келтірілген, нақты құрылғының сыртқы түрі өзгеше болуы мүмкін.

1. Төмен температуралы бөлім есіктері
2. Температура реттегіш
3. Суды жинауға арналған тұғыр
4. Шыны сөре
5. Реттелмелі аяқтар
6. Пластик сөрелер

Орнату

Орналасқан жері

Тоңазытқышты орнату орнында еден тегіс және тұрақты екеніне көз жеткізіңіз, ғимарат жақсы желдетіледі, ғимараттағы орташа температура $+16^{\circ}\text{C}$ мен $+43^{\circ}\text{C}$ аралығында болады. Тоңазытқышты жылу көздеріне жақын жерде орналастырмаған дұрыс, мысалы, плиталар, бойлерлер немесе жылыту радиаторлары, сонымен қатар тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғаңыз. Тоңазытқышты ойықтарда немесе кіріктірілген жиһазға орналастырмаңыз, себебі жұмыс істеп тұрған тоңазытқыш бетті қыздыруы мүмкін жылу бөледі. Тоңазытқышты артқы қабырға арасындағы бос кеңістік бүйірлері бойынша кемінде 9 см және 2 см болатындай етіп орнатқан дұрыс. Тоңазытқышты қандай да бір нәрсемен жаппаған дұрыс.

Тоңазытқышты түзету

Егер тоңазытқыш деңгей бойынша орналаспаған болса, бұл есік пен магнитті тығыздағыштардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Тоңазытқыш соңғы күйге орнатылған кезде, оны реттегіш аяқтарының көмегімен түзетіңіз.



Пайдалануды бастау алдындағы күтім

Тоңазытқыштың ішін соданың жеңіл ерітіндісімен сүртіңіз. Сосын губка немесе жұмсақ мата көмегімен шайыңыз. Себеттер мен сөрелерді жылы сабынды суда жуыңыз, оларды тоңазытқышқа орнатпас бұрын, кептіріңіз. Тоңазытқыш корпусын полироль көмегімен тазартуға болады.

Қосу алдында

Розетка тоңазытқыш вилкасымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз.

Тоңазытқышты ауыстырғаннан кейін 4 сағат бойы қоспаңыз. Салқындатқыш сұйықтық шөгуі тиіс. Құрылғы өшкен жағдайда, оны қайта қоспас бұрын, 30 минут күтіңіз.

Тағамдарды сақтауды бастамас бұрын.


Тағамдарды тоңазытқышқа орналастырмас бұрын тоңазытқышты қосыңыз, тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін 24 сағат күтіңіз.

Іске қосу

Жұмысты тексеру

1. Жылы су мен жуғыш құрал көмегімен төмен температуралы бөлім шкафты тазартыңыз, құрғатып сүртіңіз. Электрлік компоненттерді құрғақ матамен сүрткен дұрыс.
2. Термостат реттегішін “4” күйіне бұрыңыз. Компрессор жұмысын бастайды.
3. Есікті 30 минуттан кейін ашыңыз, егер тоңазытқыш температурасы біршама төмендеген болса, салқындату жүйесі жұмыс істейтіндігін білдіреді.

Температура реттегіш



1. Төмен температуралы бөлім тоңазытқыш камерасының бүйірлік қабырғасында орнатылған температура реттегішінің көмегімен реттеледі.
2. Температураны орнату үшін реттегішті солға немесе оңға бұраңыз.
3. Реттегіштегі белгілер температураның нақты мәндерін білдірмейді. “OFF” күйі мәжбүрлі өшіруді білдіреді, “7” күйі максималдық төмен температураны білдіреді.
Реттегішті
“1-” ден “7”-ге дейін ауыстырған кезде температура біртіндеп төмендейді. Сіз өзіңіз үшін қажетті кез келген температураны орната аласыз.
4. қалыпты жұмыс үшін реттегішті “4” күйіне орнатыңыз.

Өнімдерді сақтау

Төмен температуралы бөлім камераны пайдалану

Балғын өнімдер, мысалы, ет немесе балықты дәмсі мен пайдалы қасиеттерін сақтау үшін төмен температуралы бөлім камерада сақтаған дұрыс.

Тағамдарды алюминий фольгаға ораңыз немесе герметикалық контейнерге салыңыз.

Дүкеннен алынған мұздатылған өнімдерді олардың жібуінің алдын алу үшін тезірек төмен температуралы бөлім камераға орналастырған жөн.

Тоңазытқыш камераны пайдалану

Дайын тағамдар бөлме температурасына дейін салқындағаннан кейін олардың балғындығын сақтау үшін оларды тоңазытқышқа орналастырыңыз.

Бүйірлік ойықтарда жұмыртқа, май, сүт, сусын және т.с.с сақтауға болады.

Тағамдарды орналастыру

Тағамдар арасында бос кеңістік қалуы тиіс, олар бір біріне үйілмеуі тиіс.

Тағамдарды қаптама үлдірде немесе қағазға ораңыз да, олардың иісі араласу немесе сұйықтықтың ағуының алдын алу үшін жеке орналастырыңыз.

Ыстық тағамдарды тоңазытқышқа орналастырмас бұрын, оларды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз.

Балғын жемістер мен көкөністердің бұзылуының алдын алу үшін оларды төмен температуралы бөлім камераға орналастырмаңыз.

Жібіту

Ұзақ мерзім ішінде пайдалану кезінде төмен температуралы бөлім камераның бетінде мұз қабаты

пайда болуы мүмкін. Мұз өнімділікті азайтады және тоңазытқыштың энергия тұтынуын арттырады. Мұз қабаты пайда болған жағдайда, тоңазытқышты тез арада жібіткен дұрыс. Жібіткеннен кейін бірден тұғырдағы суды алып тастаңыз.

Ескертпе: Тоңазытқыштың зақымдануының алдын алу үшін оны жібіту кезінде мұзды алу үшін металл заттарды пайдаланбаңыз.

Пайдалану

Тағамдарды оңтайлы сақтау үшін кеңестер

Етті және балықты сақтау

Дайындалған ет бактериялардың таралуының алдын алу үшін шикі ет бар сөрелің үстінде сақталуы тиіс. Шикі етті жеткілікті үлкен тәрелкеде сақтап, оны үлдірмен немесе фольгамен жабу керек.

Тағамдар арасында кеңістік қалдырыңыз

Бұл суық ауаның тоңазытқыш ішіндегі циркуляциясына мүмкіндік береді.

Тағамдарды ораңыз

Дәмдердің араласуы және кеуіп кетуінің алдын алу үшін тағамдарды жапқан немесе жеке қаптаған дұрыс. Жемістер мен көкөністер қаптауды қажет етпейді.

Дайындалған өнімдерді салқындатыңыз

Дайын тағамды тоңазытқышқа қоймас бұрын салқындатыңыз. Бұл тоңазытқыш ішінде температураның артуының алдын алады.

Есікті жабыңыз

Есікті ашу мөлшерін азайтуға тырысыңыз. Сатып алынған тағамдарды тоңазытқышқа орналастырмас бұрын, оларды сұрыптаңыз. Тоңазытқышты тағамдарды салу немесе алу үшін ғана ашыңыз.

Тағамдарды тоңазытқышта сақтау бөлімдері


Салқындату бөлімі

Салқындатылған күйде жақсы сақталатын тағамдарды сақтау үшін арналған, мысалы, сүт, жұмыртқа, йогурт, жеміс шырындары, қатты ірімшіктер, ашық банкаларжәнесалатқа арналған қоспасы бар құмыралар, тұздықтар мен джемдер, майлар, мысалы, маргарин, май, спред, аспаздық май және сало.

Суық аймақ: 0С-тан бастап 5С-қа дейін

Бұл бөлікте балғындығын сақтау үшін салқындатылған тағамдарды сақтаған дұрыс:

- Шикізат пен дайындалмаған тағамдар қапталуы тиіс.
- Дайын мұздатылған тағамдар: жартылай фабрикаттар, ет бәліштері, жұмсақ ірімшік және т.с.с
- Еттен жасалған жартылай фабрикаттар, мысалы, ветчина.
- Дайын салаттар.
- Десерттер, кремді пісірмелер, дайын тағамдардың қалдықтары және т.с.с



Ескерту

Шикі ет, құс еті немесе балықты ораңыз да, оларды төменгі сөреде сақтаңыз. Бұл басқа тағамдармен жанасудан немесе суының ағуының алдын алуға мүмкіндік береді. Жанғыш газдарды тоңазытқышта сақтамаңыз.

Тағамдарды сақтаудың ұсынылатын мерзімдері

Тағамдардың қаптамасында келтірілген тағамдарды сақтау бойынша нұсқауларды сақтаңыз.

Тоңазытқышты камераны тазалау

Жібіткеннен кейін тоңазытқышты соданың әлсіз ерітіндісімен жуған дұрыс. Сосын губка немесе жұмсақ мата көмегімен таза сумен шайыңыз. Себеттер мен сөрелерді жылы сабынды суда жуыңыз, оларды тоңазытқышқа орнатпас бұрын, кептіріңіз.

Тоңазытқышты сыртынан жуу

Тоңазытқышты сыртынан жуу үшін жылы суда ерітілген абразивті емес жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.

Тоңазытқыштың артқы жағындағы конденсатор торын және іргелес жатқан компоненттердің қондырма-щетка көмегімен шаңын сорып алуға болады.

Қатты жуғыш құралдарды, металл губкаларды немесе еріткіштерді тоңазытқыштың кез келген бөліктерін күту үшін пайдаланбаңыз.

Ықтимал мәселелер мен олардың шешімдері

Электр энергиясының өшуі

Тоңазытқышты камераны өшірмеңіз, егер оған қажеттілік болмаса. **Тоңазытқыштағы температура өте төмен**

Температура реттегіші максималдық күйге орнатылмағанын тексеріңіз.

Тоңазытқыштағы температура өте жоғары

Компрессордың жұмыс істемеуі ықтимал. Температураны реттегішін максималдық төмен күйге орнатыңыз да, бірнеше минут күтіңіз. Егер шу жоқ болса, онда компрессор жұмыс істемейді, сатушымен байланысыңыз.

Тоңазытқыш жұмыс істемейді

Тоңазытқыштың розеткаға қосылғанын, температура реттегіші қосылғанын тексеріңіз.

Сақтандырғыштың жанып кетпеуін тексеріңіз.

Тоңазытқыш жақсы желдетілетін ғимаратта 16 °C-ден 43 °C-ге дейінгі температурада орнатылған болуы тиіс. тоңазытқышты қосыңыз және жарты сағатқа қалдырыңыз.

Тоңазытқыш бетінде конденсат түзіледі

Бұл ғимараттағы температураның өзгеруімен туындауы мүмкін. Ылғал қалдығын сүртіңіз. Егер мәселе сақталса, құрылғы сатушысымен байланысыңыз.

Сылдыр, ысқыру

Бұл шулар салқындату жүйесіндегі салқындатқыш агенттің циркуляциясымен туындаған.

Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды және тоңазытқыштың өнімділігіне әсер етпейді.

Гүіл немесе тербеліс

Салқындату жүйесінің ішіндегі салқындатқыш агент айдайтын компрессор жұмысымен туындаған.

Қызмет көрсету

Бұл құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті маманның түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану арқылы жүргізілуі тиіс. Тоңазытқышты ешқандай жағдайда өздігінен жөндеуге тырыспаңыз.

Біліктілігі жоқ маман іске асырған жөндеу жұмысы жарақаттар мен құрылғының күрделі зақымдануына әкелуі мүмкін.

Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны қуат көзінен өшіріңіз, барлық тағамдарды алып тастаңыз, оны жуыңыз және жағымсыз иістердің түзілуінің алдын алу үшін есікті ашық күйде қалдырыңыз.


Бұл құрылғы жерге тұйықталған болуы тиіс

Тоңазытқыш штепсельдік вилкамен жабдықталған, ол қолданыстағы техникалық талаптарға сәйкес розеткалармен жабдықталған барлық үйлерде пайдалану үшін жарамды.

Егер вилка розетка үшін жарамсыз болса, оны кесіп, мұқият жерге тұйықтау керек. Электр тогымен зақымданудың ықтимал қаупінің алдын алу үшін, кесілген вилканы розеткаға қоймаңыз.

Кәдеге жарату

Кәдеге жаратудың экологиялық тәсілі бағалы шикізаттың қайта өңделіп, екіншілік пайдаланылатындығына кепілдік береді. Салқындатқыш агент пен тоңазытқышты оқшаулағыш арнайы түрде кәдеге жаратылуы тиіс. Тоңазытқышты кәдеге жаратпас бұрын, салқындату жүйесінің түтіктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Ескі салқындатқыш құралды кәдеге жарату тәсілдері туралы ақпарат, сонымен қатар жаңасының қаптамалары жергілікті муниципалдық органдарда алынуы мүмкін.

Дұрыс кәдеге жарату.	
	<p>Тауардағы немесе оның қаптамасындағы бұл таңбалау осы тауардың басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратылмауы тиіс. Бұйымды кәдеге дұрыс жарату қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына әлеуетті кері әсердің алдын алуға мүмкіндік береді, ал материалдардың қайталап қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі.</p> <p>Ескі құралды экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату үшін пайдаланылған аспаптарды жинаудың арнайы жүйесін пайдаланыңыз немесе тауар сатып алынған дүкенге жүгініңіз.</p>

Бұйымды қайта өңдеу туралы біршама толық ақпаратты жергілікті муниципалдық басқармадан немесе тауар сатып алынған дүкеннен алуға болады.

Компания осы буклетте келтірілген нұсқаулыққа сәйкес келмейтін жағдайда бұйымды кез келген пайдалану себебінен туындаған жазатайым оқиға нәтижесіндегі кез келген жауапкершілік үшін жауапкершілік алмайды.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ

Кейбір ақаулықтар жеңіл жойылады. Клиенттерді қолдау қызметіне немесе сервистік орталыққа жүгіну алдында келесі кестемен танысыңыз:

Сыртқы белгі	Себебі	Жою әдістері
Аспап жұмыс істейді	Қуат көзі жоқ	Қосылу жоқ Автоматты ажыратқыш іске қосылды немесе сақтандырғыш зақымдалған Басқа электрлік құрылғыны қосып, розетаның қуатталғанына көз жеткізіңіз.
	Сақтандырғыш жұмыс істемейді.	Сақтандырғышты алмастырыңыз.
Аспап көп шу шығарады	Аспап қабырғаға өте жақын орналасқан, тұрақсыз тұр немесе тоңазытқыш ішіндегі толымдаушылар қате күйде орналасқан.	Тоңазытқыштың негізін аяқтарының күйін реттеп тұрақтандырыңыз, құрылғыны қабырғадан жылжытыңыз, тоңазытқыш ішіндегі толымдаушыларды дұрыс орналастырыңыз.
Аспап жеткілікті салқындатпайды	Есікті өте жиі ашқан немесе ұзақ уақыт ашық күйде қалдырған.	Есікті жабыңыз және оны жиі ашпаңыз.
	Тоңазытқыш қабырғаға өте жақын тұр.	Желдетуді жақсарту үшін құрылғыны қабырғадан жылжытыңыз.
	Тоңазытқыш шамадан тыс толған.	Құрылғыдан тағамдарды алыңыз.
Аспап жеткілікті салқындатпайды	Температура нашар реттелген.	Температураны реттеу механизмін “3” және одан жоғары бұраңыз.

Тоңазытқышты иістер бар	Тоңазытқыш ішінде жарамдылық мерзімі өткен тағамдар бар.	Жарамдылық мерзімі өткен тағамдарды тастаңыз және қалған тағамдарды қаптаңыз.
	Құрылғының ішкі бөлігін тазарту қажет.	Тоңазытқыштың ішкі бөлігін тазартыңыз.

Келесі белгілер сыну туралы білдірмейді:

- Түтіктерде циркуляцияланатын салқындатқыш сұйықтықтың шуын естіледі, бұл қалыпты
- Құрылғының бетіндегі ылғалдылық құрылғы үшін қауіп төндірмейді; оны құрғақ жұмсақ матамен сүртсеңіз жеткілікті.
- Компрессор мен конденсатор қатты ыстық кезеңдерде қызып кетуі мүмкін.
- Есіктің температурасы артты; бұл конденсатор ауадан ылғалды шығаратындығын білдіреді.

Техникалық сипаттамалар

Климаттық классы	N/ST/T
Электр тогымен зақымданудан қорғау санаты	1
Энергия тиімділігі санаты	A+
Желі кернеуі	220-240 В
Жиілігі	50 Гц
Токтың номиналдық күші	0.6А
Энергия тұтыну	0,28 кВт*сағ/24 сағ
Жалпы көлемі	50 л
Жалпы пайдалы көлемі	44л
Салқындатқыш агент, көлемі	R600a/16 г
Таза салмағы	13 кг
Шу деңгейі	39 дБ
Көбіктендіргіш	Циклопентан
Габариттері (ЕхТхБ)	453x425x505 мм

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Клиенттерді қолдау қызметі

Біз “Хайер” компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сізде тұрмыстық техникамен

Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, келесіге хабарласыңыз:

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-250-43-05 (РФ),

— www.haier-europe.com сайтына, мұнда сіз қызмет көрсетуге өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығына хабарласып, паспорт тақтасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмір _____

Сатылған күні _____



Сонымен қатар кепілдіктің және сату туралы құжаттардың барын тексеріңіз

Маңызды! Құрылғыда сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік қызметін көрсетуді мүмкін емес етеді.

Құрылғыдан зауыттық сәйкестендіру тақталарын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебіне айналуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз өнімнің дизайны мен конфигурациясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне сақтап қалады.

Дайындалған күні және кепілді мерзім құрылғының заттаңбасында көрсетілген.

Өнім Еуропазиялық экономиялық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

06.04.2023 жылғы № ЕАЭС RU C-CN.AЯ46.B.28740/23 сәйкестік сертификаты 05.04.2028 жылға дейін жарамды.

07.04.2023 жылғы № ЕАЭС N RU Д-CN.РА03.B.06399/23 сәйкестік туралы декларациясы 06.04.2028 жылға дейін жарамды.

Біршама толық мәліметтер берілген және Еуразиялық экономиялық одаққа сәйкестік туралы декларацияда тіркелген сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»

Мекенжайы: Room 5401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Импорттаушы: “ХАР” ЖШҚ

Мекенжайы: 121099, Мәскеу қ., Новинский бульвары, 8 үй, 16 қабат, 1601 кеңсе

Тел.: 8-800-250-43-05, эл.пошта мекенжайы: info@haierrussia.ru

Қытайда жасалған

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты пайдалану мерзімі айтарлықтай ресми мерзімнен артық болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және техникалық талаптардың сәйкестілігіне арналған тиісті сертификаттауды өткен.

Түсінбестікке жол бермеу үшін Сізден сатып алған кезде пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдікті міндеттемелердің шарттарын зейін қойып оқып шығуыңызды және кепілдік талонының дұрыс толтырылғанын тексеруіңізді нандыра өтінеміз. Кепілдік талоны дұрыс емес немесе толымсыз толтырылған жағдайда сатушы ұйымға жүгініңіз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Сізге Haier-дің Авторландырылған серіктесіне жүгінуді қала ұсынамыз.

Осы кепілдік талонмен Haier Корпорациясы бұйымның кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамамен, басқа нормативтік актілермен бекітілген тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді өзіне алғанын растайды. Алайда, Haier Корпорациясы төменде мазмұндалған шарттар сақталмаған жағдайда кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті қызмет көрсетудің шарттары

Кепілдікті қызмет көрсету тек қана белгіленген үлгідегі кепілдік талонымен жиынтықталған бұйымдарға қатысты болады. Haier Корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 60 ай кепілдік мерзімді орнатады. Ықтимал жаңсақтықтарға жол бермеу үшін қызмет ету мерзімі ішінде бұйымға сатылған кезде қоса тіркелетін құжаттарды (тауарық чек, кассалық чек, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) сақтап қойыңыз.

Кепілдікті қызмет көрсетуді тек қана Haier Авторландырылған серіктестері жүргізеді. Авторландырылған серіктестердің толық тізімін сіз келесі телефондар арқылы Haier Ақапараттық орталығында біле аласыз:

8-800-070-01-29 - Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе сайтта: <https://haieronline.kz> немесе келесі электрондық пошта арқылы сұрату жасап біле аласыз: support-kz@haieronline.kz. Авторландырылған серіктестердің деректері өзгеріп кетуі мүмкін, анықтамалар үшін Haier Ақапараттық орталығына жүгініңіз.

Кепілдік міндеттемелер ақаулықтары келесілердің салдарынан пайда болған бұйымдарға қатысты болмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоңазытқыш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар Бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану бойынша нұсқаулық талап еткен жағдайда Бұйымға уақтылы техникалық қызмет көрсетілмегенде;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды пайдалану, сонымен қатар жуғыш құралдардың ұсынылған мөлшерлемесінен асып кеткенде;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланғанда;
- үшінші тұлғалардың әрекеттерінен: уәкілеттері жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе өндіруші рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізуі;
- Стандарттардан және қуат беру желілердің нормаларынан ауытқу;
- еңсерілмейтін күш әрекеттерінен (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалардан, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасқана немесе абайсыз әрекеттерінен
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік әрекеттерінің өнімдерінің түсуінен пайда болған бұзылулар анықталса;
- су жылытқыштың толтырылмаған/ толық толтырылмаған бағының іске қосылуының салдарынан термоқорғаудың іске қосылуы Кепілдікті қызмет көрсету жұмыстардың келесі түрлеріне қатысты болмайды:
- бұйымды пайдаланатын жерде орнату іске қосуға;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруге;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазартуға.

Кепілдікті қызмет көрсетуге төменде аталған шығыс материалдар мен керек-жарақтар жатпайды:

- кондиционерлерге арналған сүзгілер;
- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршектерге;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, шөткелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- микротолқынды пештерге арналған тәрелкелер, істекшелер, торлар, табақшалар және қойғыштар;
- сүзгілер, иісті жұтқыштар, шамдар, сөрелер, жәшіктер, қойғыштар және тоңазытқышта азық-түлікті сақтауға арналған басқа ыдыстар;— басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері, қуат берудің сыртқы блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.
- Бұйымға мерзімдік қызмет (сүзгілерді ауыстыру және т. б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша ақыға жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіруге, және де, нәтиже ретінде, оған кепілдікті қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіруші тақтайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебіне айналуы мүмкін.

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индустри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.
Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты:
info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/
импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000,
Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы,
210 ғимарат.
Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы:
support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике
Казахстан: ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000,
город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык,
дом 210.
Тел.: 8-800-070-01-29, адрес эл. почты:
support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок
указаны на этикетке
устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында
көрсетілген

